

Адвокаттық қызмет пен нотариустардың қызметін лицензиялау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 27 ақпан N 254. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.02. N 454 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.02. N 454 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының " Лицензиялау туралы " 1995 жылғы 17 сәуірдегі , " Нотариат туралы " 1997 жылғы 14 шілдедегі және " Адвокаттық қызмет туралы " 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Адвокаттық қызмет пен нотариустардың қызметін лицензиялау ережесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне , лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың (лицензиарлардың) тізбесінде:

реттік нөмірі 17-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі,
Әділет министрлігі адвокаттық қызмет
нотариустардың қызметі".

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бұрын қабылдаған нормативтік құқықтық кесімдерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 7 а қ п а н д а ғ ы

N 2 5 4 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Адвокаттық қызмет пен нотариустардың қызметін лицензиялау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және адвокаттық қызмет пен нотариустардың қызметін лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ адвокаттық және нотариаттық қызметтермен айналысу құқығына лицензиялар берудің тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Адвокаттық қызмет пен нотариустардың қызметін лицензиялауды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Лицензиар) адвокаттық немесе нотариаттық қызметпен айналысуға ниет білдірген адамдарға (бұдан әрі - Лицензиат) адвокаттық немесе нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру жолымен жүзеге асырады. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1120 қаулысымен

3. Тиісті лицензиясыз адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. (*РҚАО-ның ескертуі:* (14-тарау , 137-бап); (7-тарау , 190-бап).

2. Адвокаттық қызмет пен нотариустардың қызметін лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптары

4. Адвокаттық қызметті лицензиялау адвокаттық қызметпен айналысуға ниет білдірген адамдардың мыналардан міндетті түрде өтуі туралы біліктілік талаптары сақталған кезде жүзеге асырылады:

1) адвокаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестациялық комиссиясында (бұдан әрі - ӘАК) аттестациядан;

2) адвокаттар алқасы белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасында адвокаттарда тағлымдамадан өтуі. <*>

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.07. N 518 қаулысымен

5. Нотариустардың қызметін лицензиялау нотариаттық қызметпен айналысуға ниет білдірген адамдарға мыналарды міндеттеу туралы біліктілік талаптары сақталған кезде жүзеге асырылады:

1) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына ӘАК-да аттестациядан өтуі;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында мемлекеттік немесе жеке нотариуста тағлымдамадан өтуі.

6. Мынадай адамдарға:

1) Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасында біліктілік емтиханын тапсырған адамдарға;

2) тұрақты судьяларға;

3) өз қызметтерін орындау кезінде теріс қылықтар жасағаны және заң бұзғаны үшін сот қызметінен босатылған судьялардан басқа, тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдарға осы Ереженің 4-тармағында және 5-тармағының

1) тармақшасында көзделген біліктілік талаптары қолданылмайды.

6-1. Осы Ереженің 4-тармағының 1) тармақшасында көзделген біліктілік талабы теріс себептер бойынша жұмыстан шығарылғандарды қоспағанда, прокуратура, тергеу және анықтау органдарында кемінде он жыл жұмыс істеген, прокурорларға, тергеушілерге және анықтаушыларға қолданылмайды. <*>

Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.05.07. N 518 қаулысымен .

6-2. Осы Ереженің 5-тармағында көзделген біліктілік талаптары нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алуға ниет білдірген кезде мемлекеттік нотариалдық кеңселерде жұмыс істейтін нотариустарға (мемлекеттік нотариустарға) қолданылмайды. <*>

Ескерту. 6-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.05.07. N 518 қаулысымен .

3. Нотариаттық немесе адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алу үшін қажетті құжаттар

7. Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алу үшін Лицензиат " Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысымен бекітілген нысан бойынша Лицензиарға өтініш береді. Өтінішке:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі;

2) бюджетке жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленгенін растайтын құжат;

3) адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алу үшін аттестациядан өткені туралы ӘАК-ның шешімі не Лицензиаттың ӘАК-да аттестациядан өтуден босатылуын растайтын құжат;

4) адвокатта тағлымдамадан өту туралы шарттың көшірмесі;

5) адвокат тағлымдамашысының жетекшісін тағайындау туралы адвокаттар алқасы төралқасының қаулысынан көшірме немесе үзінді;

6) тағлымдамадан ойдағыдай өткені туралы тағлымдама жетекшісі қол қойған және адвокаттар алқасының төралқасы бекіткен қорытынды;

7) наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден лицензиарға тапсырғанға дейін бір ай бұрын лицензиаттың тұрғылықты жері бойынша берілген медициналық анықтамалар;

8) бүкіл республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, лицензиарға тапсырғанға дейін бір ай бұрын лицензиаттың тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығы жоқ екендігі туралы анықтама қоса ұсынылады. <*>

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.07. N 518

қ а у л ы с ы м е н

8. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алу үшін Лицензиат "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысымен бекітілген нысан бойынша Лицензиарға өтініш береді. Өтінішке:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі;

2) бюджетке жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленгенін растайтын құжат;

3) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алу үшін аттестациядан өткені туралы ӘАК-ның шешімі не Лицензиатты ӘАК-да аттестациядан өтуден босатылуын растайтын құжат;

4) мемлекеттік немесе жеке нотариуста тағлымдамадан өткені туралы шарттың көшірмесі;

5) нотариус тағлымдамашысының жетекшісін тағайындау туралы бұйрықтан көшірме немесе үзінді;

6) нотариус тағлымдамашысы жетекшісінің заңнамада белгіленген тәртіппен ресімделген тағлымдамадан өткені туралы қорытындысы;

7) наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден лицензиарға тапсырғанға дейін бір ай бұрын лицензиаттың тұрғылықты жері бойынша берілген медициналық анықтамалар;

8) бүкіл республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, лицензиарға тапсырғанға дейін бір ай бұрын/тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығы жоқ екендігі туралы анықтама;

9) егер лицензия беруге бұрынғы мемлекеттік нотариус өтініш білдірген жағдайда, атқарған қызметінен босатылу себебі көрсетілген, не лицензияны беруге тағлымдамадан өту мерзімі қысқартылған лицензиат өтініш білдірген жағдайда, заңгер мамандығы бойынша стажын растайтын еңбек кітапшасының немесе өзге де құжаттың нотариаттық куәландырылған көшірмесі қоса ұсынылады. < * >

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.07. N 518

қ а у л ы с ы м е н

9. Лицензиатты ӘАК-да аттестациялаудан өтуден босатуды растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасы берген өтініш берушінің Әділет біліктілік алқасының судьясы лауазымына біліктілік емтиханын тапсырғанын растайтын анықтама;

2) құзыретті лицензиарға тапсырылғанға дейін бір ай бұрын лауазымды адам берген өтініш берушінің судья лауазымындағы жұмысын растайтын анықтама;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің тұрақты судья лауазымынан босату туралы Жарлығының көшірмесі;

4) өтініш берушінің мемлекеттік нотариус лауазымындағы жұмысын растайтын аумақтық әділет органының анықтамасы;

5) прокуратура, тергеу немесе анықтау органдарында жұмыс істеген прокурордың, тергеушінің не анықтаушының жұмыс стажын растайтын және атқарған қызметінен босатылу себебін қамтитын еңбек кітапшасының немесе өзге де құжаттың нотариаттық куәландырылған көшірмесі. <*>

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.07. N 518

қ а у л ы с ы м е н

10. Лицензиат ұсынылған құжаттарда берілген мәліметтердің толықтығына және шынайылығына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

4. Лицензия берудің не оны беруден бас тартудың шарттары мен тәртібі

11. Адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензия басты лицензия болып табылады және Лицензиаттарға мерзімі шектелмей беріледі.

Лицензиялар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

Лицензиялар "Адвокаттық және нотариалдық қызметпен айналысу құқығына арналған мемлекеттік лицензиялардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 1325 қаулысымен бекітілген нысан бойынша беріледі.

12. Лицензия беру туралы өтініш оның Лицензиарға түскен күнінен бастап бір ай мерзім ішінде қаралады.

Лицензиар Лицензиаттың өтінішімен қоса берілген құжаттардың толықтығын және шынайылығын тексереді.

13. Өтінішті қарау нәтижесі бойынша Лицензиар лицензияны беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

14. Лицензиардың лицензия беру туралы шешімі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитеті төрағасының бұйрығымен ресімделеді. <*>

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1120

қ а у л ы с ы м е н

15. Лицензияға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитеті төрағасы бір данада қол қояды және ол Лицензиардың мөрімен бекітіледі. <*>

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1120
қ а у л ы с ы м е н

16. Лицензия қолданыстағы заңнамаға сәйкес Лицензиаттың лицензия алуға өкілеттік берген өкіліне берілуі мүмкін.

17. Лицензия жоғалған жағдайда Лицензиаттың оның телнұсқасын алуға құқығы бар.

Лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша лицензияның телнұсқасын беруді ол өтініш берген күннен бастап Лицензиар он күн ішінде жүргізеді. Бұл ретте, Лицензиат Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде лицензия телнұсқасының берілгені үшін бюджетке жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым төлейді.

18. Лицензиаттың аты-жөні ауыстырылған жағдайда, ол бұл туралы көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса ұсынып, бір ай мерзім ішінде Лицензиарға жазбаша хабарлауға міндетті.

19. Лицензиатқа, егер:

- 1) осы Ережеде көзделген қажетті барлық құжат табыс етілмесе;
- 2) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленбесе;
- 3) өтініш беруші осы Ережеде белгіленген біліктілік талаптарына сай келмесе;
- 4) өтініш берушіге қатысты, оған қызметтің осы түрімен айналысуға тыйым салатын сот шешімі болса, лицензия беруден бас тартылуы мүмкін.

20. Лицензия беруден бас тарту туралы Лицензиар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде лицензия алуға өтініш білдірген адамға бас тарту себептерін көрсете отырып, дәлелді хат жолдайды. (*РҚАО-ның ескертуі: (IV тарау , 19-тармақ).*)

5. Есепке алу және бақылау

21. Лицензияларды есепке алуды, сондай-ақ осы Ереженің сақталуын бақылауды Лицензиар жүзеге асырады.

22. Лицензиар Лицензиаттар туралы және оларға берілген лицензиялар туралы, сондай-ақ лицензияны кері қайтарып алу, күшін тоқтату, күшін тоқтата тұру және қалпына келтіру туралы мәліметтерді Адвокаттар (жеке нотариустар) лицензияларының мемлекеттік тізіліміне енгізеді және ведомстволық баспасөз органында жариялайды.

23. Осы Ереженің негізінде берілген лицензиялардың бірыңғай есебін жүргізу үшін Лицензиар заңнамада белгіленген тәртіппен лицензиялар бланкілеріне

т а п с ы р ы с ж а с а й д ы .

Лицензия бланкілері қатаң бақылаудағы құжаттар болып табылады.

24. Лицензиар өз құзыреті шегінде Лицензиаттан тиісті құжаттарды тапсыруын талап етуге және бақылау функцияларын орындауы үшін қажетті жазбаша немесе ауызша ақпарат алуға құқылы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК